

4

Ұлтқа қызмет
етудің үлгісі

6

Мен оқыған
кітап

Сыр бойы

2 қараша, сенбі 2024 жыл



№168-169 (20842-20843)

Қызылорда облыстық қоғамдық-саяси газет. 1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

www.facebook.com/syrboiy.kz
www.instagram.com/syrboiy_kz
t.me/syrboiy_kz
twitter.com/syrboiy

/// ПРЕЗИДЕНТ



СЕНІМ ГРАМОТАЛАРЫН ҚАБЫЛДАДЫ

«Ақорда» резиденциясында төрт мемлекеттің жаңадан тағайындалған төтенше және өкілетті елшілерінің, сондай-ақ Еуропа Одағы өкілдігі басшысының Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа сенім грамоталарын салтанатты түрде тапсыру рәсімі өтті.

Мемлекет басшысына Франция елшісі Сильван Гиоге, Еуропа Одағының елшісі Аleshка Симкич, Финляндия елшісі Янне Хейсканен, Канада елшісі Кристофер Дагган, Бразилия елшісі Марсель Фортуна Биато сенім грамоталарын тапсырды.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілермен жүздесу барысында Қазақстан бейбіт дипломатия қағидатын ұстанатын ел екенін әрі халықаралық аренадағы қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз етуге елеулі үлес қоса алатынын атап өтті.

Сонымен қатар Мемлекет басшысы еліміздің Біріккен Ұлттар Ұйымымен жаһандық және өңірлік қауіпсіздік мәселелері бойынша тығыз ынтымақтастықты жалғастыруға бейіл екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев елшілерді Қазақстандағы дипломатиялық миссияларының ресми түрде басталуымен құттықтап, олардың мемлекеттері басшыларына ізгі тілегін жолдады.

/// НАЗАРДАҒЫ НЫСАН

«ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН» ЖОЛЫ – АЙМАҚТАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН КҮРЕТАМЫР

Жарты ғасыр бойы жөндеу көрмеген республикалық маңызы бар «Қызылорда-Жезқазған» тас жолының Қызылорда облысындағы бөлігі жыл соңына дейін ашылады. Облыс шекарасынан бастап Қызылорда бағытына қарай 90 шақырым аралық пайдалануға беріліп, оған қоса 50 шақырым жолда ішінара қозғалыс ұйымдастырылады. Сыр өңірі үшін маңызды жобалардың бірі бойынша «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК Көлік министрлігінің бастамасымен масс-медиа өкілдеріне арнап «Сапа керуені» атты баспасөз туры ұйымдастырды. Баспасөз туры аясында журналистер жаңартылған жолдың жайымен танысты.

Қызылорда облысы аумағындағы жергілікті маңызы бар автомобиль жолдарының жалпы ұзындығы – 3580,5 шақырым. Оның 1014,5 шақырымы – республикалық, 555 шақырымы – облыстық, 2011 шақырымы – аудандық маңызы бар жолдар. Қызылорда мен Жезқазған аралығында 424 шақырым жолдың 204 шақырымы Сыр өңірінің аумағына тиесілі. Соның ең маңызды бөліктерінің бірі – «Қызылорда-Павлодар-Успенка-РФ» автожолы Қазақстанның оңтүстігі мен солтүстігін жалғап жатыр. Бұл жол аймақтың дамуы үшін айрықша маңызға ие. Еліміз бен өңір экономикасына жан-жақты ықпал етіп, жаңа жұмыс орындарын құруға, мәдени мұраларды сақтап, туризмді түлетуге мүмкіндік береді.

Жолаушыларды шаршатқан жол жайы 2022 жылдың жаз мезгілінен бастап түбегейлі өзгеріп, өңі кіре бастады. Жалпы жоспарға сәйкес 140 шақырым асфальт жабынымен қозғалыс үшін беріледі. Қазіргі уақытта 3 учаскеде соңғы жабын – асфальт төсеу жұмыстары аяқталуға жақын. Жол таңбаларын сызу, белгілер орнату және жиегін нығайту жұмыстары жүріп жатыр.

3-бет



Суреттерді түсірген Нұрболат Нұржаубай

/// ӨРКЕН

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ФОРУМЫ

Қызылордада «AMANAT» партиясының бастамасымен, облыс әкімдігінің қолдауымен ауыл әкімдерінің форумы өтті.

Жиынға «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Ұлттық экономика министрлігі өңірлік даму департаментінің директоры Нұрлан Мақсұтов, барлық деңгейдегі әкімдер, облыстық мәслихат төрағасы мен депутаттары, басқарма, департамент және құқық қорғау органдарының басшылары қатысты.



Форумда аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаев ауыл әкімдерінің жұмысына қатысты нақты тапсырмалар жүктеді.

– Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлының Қазақстан Республикасы Президенті лауазымына кіріскеннен кейінгі ең алғашқы қол қойған Жарлығы «Ауылдық аумақтарды дамытудың 2023-2027 жылдарға арналған тұжырымдамасы» болды. Ауылдарды дамыту – мемлекеттік саясаттың маңызды стратегиялық мақсаттарының бірі.

2-бет

/// КӘСІБИ МЕРЕКЕ

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ

А. Тоқмағамбетов атындағы мәдениет үйінде Әлеуметтік қорғау жүйесі қызметкерлері күніне арналған салтанатты шара өтті. Оған облыс әкімінің бірінші орынбасары Данияр Жаналинов қатысып, сала ардагерлері мен қызметкерлерін кәсіби мерекемен құттықтады.

– Сыр өңірінде байыпты бастамалар, мақсатты жобалар қолға алынып, аймағымыз қарқынды дамуда. Облыс 9 айдың қорытындысы бойынша экономикалық даму көрсеткіштері жағынан республикада көш басынан көрінді. Соның ішінде әлеуметтік қорғау саласының жетістіктері аймақ көрсеткішінің дамуына әсер ететін бағыттардың бірі екенін атап өту керек.

Бүгінде 36 мыңнан астам азамат жұмыспен қамтылды, 5 мыңнан астам отбасына атаулы әлеуметтік көмек берілді, 20 мыңнан астам аз қамтылған, мүгедектігі бар адамдарға және жалғызбасты қарттарға бюджеттен тыс көздерден қайырымдылық көмек көрсетілді, 26 мыңнан астам мүгедектігі бар адам Әлеуметтік қызметтер порталы арқылы техникалық құралдармен қамтылды.

3-бет

/// ФОРУМ

«Достық үйінде» ІХ республикалық әкелер форумы өтті. Оған зиялы қауым, отбасы саясаты саласындағы сарапшылар, халықаралық ұйымдардың өкілдері, Республикалық әкелер одағының өңірлік жетекшілері, жергілікті атқарушы органдардың, ҰЕҰ мен БАҚ өкілдері қатысты. Жиынның пленарлық отырысында облыс әкімінің орынбасары Шахмардан Байманов форум жұмысына сәттілік тілеп, аймақ басшысы Нұрлыбек Нәлібаевтың құттықтау лебізін жеткізді.

ОТБАСЫ – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

– Халқымызда «Отан отбасынан басталады» деген тәмсіл бар. Әрбір қазақ үшін отбасы – қасиетті ұғым, кәсіптің құндылық. Адам баласына берілетін тәлім-тәрбиенің алтын діңгегі осы жерде қалыптасады. Мемлекет басшысы «Халқымыз қай заманда да отбасы дәстүрін берік ұстанып, қадірлей білген, үлкенге құрмет, кішіге ізет көрсету – қанымызға сіңген қасиет.

2-бет

/// ҚАЛА КЕЛБЕТІ

КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕР – ҚАЛАНЫҢ КӨРКІ



Қаланың даму кезеңіндегі ең айтулы жобалардың бірі – жаңа тұрғын аудандардың бой көтеруі. Сол жағалаудың өзі шаһардың жаңа келбетін айқындап берген сәтті жоба болды. Бүгінде басқа аумақтардан да көпқабатты үйлер бой түзеп, тұрғындар қуанышын еселеуде. Оған қоса, қала орталығындағы бірқатар үйдің қасбеті жөндеуден өтіп, жаңа кейіпке енді.

Мәселен, құрылысы былтыр басталған Сырдария өзенінің сол жағалауындағы жеті қабатты 84 пәтерлі 6 ипотекалық тұрғын үйдің құрылысын жалғастыруға биыл облыстық және қалалық бюджеттерден 1,7 млрд теңге қаралды. Осы шағын ауданда тағы 40 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысын

бастауға облыстық бюджеттен 2 762,5 млн теңге бөлініп, конкурс өтуде. Жоба құны – 8 929,9 млн теңге. Сонымен қатар осал топтағы отбасыларға 200 пәтер және жалғыз баспанасылапатты деп танылған тұрғындарға 135 пәтер сатып алуға 4,2 млрд теңге бөлінді.

3-бет

/// ЕҢБЕК АДАМЫ

«ОРТАҚШЫЛДЫҢ» ОРТАҚ КӘСІБІ

Еңбек адамы – көпке үлгі. Адал асын маңдай терімен тапқан жандарды көргенде іштей қуанып қаласың. Бүгінде дайын дүниеге құмартқандар оңай олжа тапқысы келеді. Жеңіл жұмыс іздеп, қалада сабылып жүрген жастар да жетерлік. Бірақ ауылда сан кәсіптің кілті бар, мүмкіндікті пайдалана білгенге. Ала жаздай егін алқабында бел жазбай еңбек етіп, күзде несібесі артатын жандар қаншама?!

6-бет



Валюта бағамы \$ 488,11 kzt

€ 530,09 kzt

₸ 5,01 kzt

Ауа райы +14° +16°

+19° +21°

АУЫЛ ӘКІМДЕРІНІҢ ФОРУМЫ



Президентіміз биылғы Жолдауында «Үкімет пен әкімдер экономиканың құрылымын өзгертуге баса назар аударуға тиіс. Басты мақсат – азаматтардың табысын арттыру» деп, аса жауапты міндеттер жүктеді.

Қазір халық сайлады деп, арқаны кенге салып, қол қусыратын уақыт емес. Мемлекет басшысы «Бізге ешкім сырттан келіп, ештеңе жасап бермейтіні анық, бәрі өз қолымызда» деген болатын. Халыққа берген уәдені орындап, Президентіміздің Әділетті

қоғамды қалыптастырудағы реформалары мен саясатын өздеріңіз басқаратын аумақта жүзеге асыру қажет.

Ауыл тұрғындарының табысын арттыру үшін «Ауыл аманаты» жобасын тиімді іске асырыңыздар. Кәсіпкерлікті дамытуда жұртшылыққа мемлекеттік қолдауларды түсіндіріп, кәсібін ұйымдастыруға көмектесу қажет. Әрбір әкім өзі басқаратын елді мекендегі жұмыссыздар санын азайту, жана жұмыс орындарын ашу, халықтың табыс көзін арттыру, салық базасын ұлғайту секілді негізгі міндеттерге баса назар аудару керек.

Жер телімдері мақсатына сай пайдаланылуы, заңсыз немесе пайдаланылмай жатқан жер мемлекет меншігіне қайтарылуы тиіс, – деді аймақ басшысы.

Бүгінде Президентіміздің, Үкіметтің ерекше қолдауының арқасында облыс бюджеті 744 млрд теңгеден асты. Осыдан екі жыл бұрын 364 млрд теңге болатын. Өсім 204,4 пайызды құрады. Бұл қаражат аймақтағы ең өзекті деген мәселелерді шешуге, тұрғындардың өмір сүру сапасын арттыруға және ауқымды инфрақұрылымдық жобаларды жүзеге асыруға жұмсалуда.

жобаларына 30 млрд теңге қаржы бөлінді. Аталған қаржыға 306 шақырым газ желілері салынды. Бұл 20 мыңнан астам халқы бар 17 елді мекенге «көгілдір отын» қосуға мүмкіндік береді.

2022 жылдан бері ауызсумен қамтуда 16 млрд 800 млн теңгенің 55 жобасы жүзеге асып, халыққа орталықтандырылған таза су беру деңгейі 98,6 пайызға жетті. Электр энергиясымен қамтуда 2022 жылдан бері 18 млрд теңгенің 70 жобасы іске қосылды, биылдың өзінде 11 млрд теңгеге 38 жоба қолға алынды. Бұл электр желілерінің тозуын 62 пайызға

«Ауылдық денсаулық сақтауды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында 27 нысан салында. Өткен жылы елді мекендерде 16 жаңа дәрігерлік амбулатория ел игілігіне табысталды.

Басқосуда «AMANAT» партиясының хатшысы Ержан Жылқыбаев, Парламент Сенатының депутаты Наурызбай Байқадамов, Ұлттық экономика министрлігі өңірлік даму департаментінің директоры Нұрлан Мақсұтов, партияның Қызылорда облыстық филиалының төрағасы Алмасбек Есмаханов сөз сөйледі.

Жиын соңында өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуына қосқан үлесі,



Облыс халқын табиғи газбен қамту деңгейі 75 пайыз, калалар мен аудан орталықтары және 29 ауылдық елді мекен газға қосылған. Биыл газдандыру

төмендетеді. Аймақта 43 млрд теңгеден астам қаржыға 300 шақырымға жуық автомобиль жолдары мен көпір өткелдері жөндеуден өтуде.

ел мүддесі жолында атқарған еңбегі үшін аудан әкімдері, сала басшылары мен мамандары Президенттің Алғыс хатымен марапатталды.

1-бет

Суреттерді түсірген Б.Есмаханов

БЕЛСЕНДІ КҮРЕС БӘСЕҢДЕМЕУ КЕРЕК

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың қатысуымен «Нашақорлыққа жол жоқ» тақырыбында үйлестіру кеңесінің кеңейтілген отырысы өтті. Кеңеске қала, аудан әкімдері, құқық қорғау органдарының, жауапты салалардың басшылары қатысты.

Аймақ басшысы осы бағытта атқарылған жұмыстарға тоқталып, алдағы міндеттерді айқындады.

– Бүгінгі үйлестіру кеңесінің тақырыбы – аса маңызды, қоғамымыз үшін өте өзекті. Нашақорлықтың таралуына жол бермеу, есірткі қылмыстарының алдын алу – біздің басты міндетіміз.

Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы «Адал адам – Адал еңбек – Адал табыс» атты Ұлттық құрылтайдың үшінші отырысында «Нашақорлық, әсіресе, балалар арасында тез таралып, жастарымыз уланып жатыр. Есірткімен күрес белсенді жүргізілмесе, ертең бәрі кеш болуы мүмкін» деген болатын.



Жасөспірімдердің құқығы мен өмірін қорғауға айрықша көңіл бөлініп, балаларды құмар ойынға жетелегендер заң бойынша жазаға тартылады. Көмектегі толмаған балаларға зорлық-зомбылық көрсеткенге берілетін жаза қатаңдалды. Балалар қауіпсіздігін қамтамасыз етуді, әйелдер мен балаларға қарсы қылмыстың алдын алуды көздейтін заң қабылданды.

Кәсіпкерлер мен жасөспірімдер арасында нашақорлықтың алдын алуға бағытталған танымдық-тәрбиелік іс-шараларды мектептерде көптеп өткізу қажет. Әскери және құқық қорғау органдарының қызметкерлеріне арналған скринингтің оң тәжірибесін мектеп педагогтеріне қолдану мәселесін қарастырыңыздар. Балалардың бос уақытын тиімді үйлестіруге бірлескен шаралар қабылданыңдар. Әсіресе, ерекше бақылауды қажет ететін, түрлі санаттағы отбасы балаларын шығармашылық және спорттық секцияларға тарту керек.

Саламатты өмір салтын қалыптастыруда, балалар мен жасөспірімдердің денсаулығын нығайтуда «Жастар денсаулығы» орталығының жұмысын күшейтіңіздер. Түрлі санаттағы отбасылардың цифрлық картасының мүмкіндігін пайдалану қажет. Бұл есірткі тұтынушының әлеуметтік-экономикалық портретін электронды форматта қалыптастыруға мүмкіндік береді. Қоғамдық пікір көшбасшыларын, журналистерді, белсенді блогерлерді тартып, нашақорлықтың зияны туралы танымдық іс-шаралар ұйымдастырыңыздар.

Рейдтік жұмыстардың балама әдістерін қарастыру, жасөспірімдер мен жастар арасындағы нашақорлыққа, құқықбұзушылыққа, кибербуллингке, заңсыз ойындарға тосқауыл қою шаралары өте маңызды, – деді Н.Нәлібаев.

Жастар мен жасөспірімдердің уақытын тиімді өткізу, жат әрекеттерден сақтандыру, бәсекеге қабілетті ұлт тәрбиелеу мақсатында соңғы үш жылда жанадан 21 мәдениет нысанын салуға бюджеттен қаржы қаралды, 10 нысан пайдалануға берілді. Тағы 11 нысанның құрылысы жыл соңына дейін аяқталды.

Кеңесте облыс прокуроры Ризабек Ожаров, Бас прокуратураның стратегиялық даму департаментінің бастығы Әлжан Нұрбеков, облыс прокуратураның орынбасары Мәди Сарпеков, облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Серік Тоқтыбаев, мемлекет және қоғам қайраткері Бақытбек Смағұл, «Әкелер одағы» республикалық бірлестігінің төрағасы Мақсұтбек Айтмағанбет сөз сөйледі.

Жиында жат әдетпен күреске азаматтық қоғамның әрбір мүшесін жұмылдыру ұсынылды. Бірлескен іс-шаралар жоспары таныстырылып, облысымызда нашақорлыққа қарсы бір айлық акция өткізу туралы бастама көтерілді.

Қатысушылар прокуратура бастамасын қолдап, есірткінің заңсыз айналымын түбегейлі жою мақсатында бірлесіп қызмет атқару туралы ортақ келісімге келді.

Облыс әкімінің баспасөз қызметі

/// ОБЛЫС ӘКІМДІГІНДЕ

ҰСЫНЫСТАР ЕСКЕРУСІЗ ҚАЛМАЙДЫ

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев кезектілік тәртібімен жазылған азаматтарды қабылдады. Қабылдауға келген тұрғындардың басым бөлігі әлеуметтік көмекке, емделуге, кәсіпкерлікті қолдауға, тұрғын үйге және жұмысқа орналасуға қатысты мәселелер көтерді.

Келушілердің ұсыныс-пікірлерін, өтініш-сауалдарын мамандар жан-жақты қарастырады. Әрқайсының себеп-салдары жіті зерттеліп, заң аясында шешімі шығады. Кейбір сұрақтар бойынша түсіндірмені мамандар сол жерде берді. Бірқатарының шешілу жолдары көрсетілді.

Бүгінгі қабылдауда облыс әкімі I топ мүгедектігі бар азаматтың жолдасын тұрақты жұмысқа орналастыру жолдарын қарастыруды жауапты басшыларға тапсырды. Сонымен бірге, жалдамалы пәтерде тұратын 7 балалы ананы тұрғын үймен қамтамасыз ету үшін қажетті шара қабылдауды жүктеді. Баспана заң аясында кезекпен берілетінін, тұрғындар сұранысы ескеріліп көпқабатты тұрғын үйлер құрылысының қарқыны артқанын, көпбалалы ананы уақытша тұрғын үймен қамту қолға алынатынын жеткізді.

Қабылдауда көтерілген мәселелер заңда белгіленген тәртіппен, кезек-кезеңмен шешіледі. Аймақ басшысы осы орайда жауапты сала басшыларына бірқатар тапсырма берді.



Айта кетейік, тұрғындар облыс әкімінің қабылдауына еgov порталы арқылы, e-otinish бірінғай базасы немесе әкімдікке келіп жазбаша өтініш тастау арқылы жазыла алады.

ОТБАСЫ – ТӘЛІМ-ТӘРБИЕНІҢ АЛТЫН ДІҢГЕГІ

Әрбір азаматтың адамгершілік болмысының қалыптасуына отбасындағы ахуал айрықша әсер етеді. Сондықтан мемлекет әр шаңырақтың әл-ауқатын арттырып, әр азаматтың өсіп-өркендеуі үшін барлық жағдайды жасайды» деп ерекше атап өтті. Қоғамдағы әр отбасының босағасы берік, мерейі үстем болмай мемлекеттің мықты болуы мүмкін емес. Ал әр отбасында елін сүйетін, ұлтына жаны аштын еңбекқор азаматтың тәрбиеленіп шығуына әкенің орны ерекше. Әке – отбасының асыраушысы, қорғаны әрі жақсылыққа бастайтын тәрбиешісі. Оның мінез-құлқы, өзгелермен қарым-қатынасы баланың үлгі-өнеге алатын, бой түзейтін темірқазығы. Бүгінгі әлеуметтік зерттеулерге сүйенсек, ата-аналардың 45 пайызы ғана баласымен күн сайын уақыт өткізеді екен. Осы ретте «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды» деген халық даналығының өзектілігі күн санап артауда, – деді Ш.Байманов.

Одан кейін аймағымызда отбасы құндылығын ілгерілету, халық арасында кеңінен насихаттау мақсатында жүзеге асырылып жатқан жобаларға тоқталды.

Басқосуда Мәдениет және ақпарат министрлігі Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары Біржан Әлімжанов өз ойын ортаға салды.

– Бұл өңір – саналы тарихымыздың қайнар көзі, қазақ зиялыларының табаны тиген қасиетті топырақ. Мұстафа Шоқай, Темірбек Жүргенов, Ғани Мұратбаев, Әбдіжәміл Нұрпейісов, Әбілда Тәжібаев секілді қазақтың біртуар ұлдары дүние есігін ашқан, тұла бойып қалыптасқан ордада әкенің мәртебесі туралы сөз өрбіту орынды. Биылғы форумның «Тәрбие – талбесіктен» деп аталуының да өзіндік мән-мағынасы бар. Себебі отбасы – бала тәрбиесінің ең алғашқы алтын ұясы. Бұл базалық-әлеуметтік институттың тиімді қызметі, мемлекеттің әл-ауқаты мен тұрақтылығына тікелей әсер етеді. Мемлекет басшысы халыққа Жолдауында «Мектепке дейінгі тәрбие беру және оқыту ісіне мемлекетпен қатар ата-аналар да жауапты» дегені белгілі. Осы тұрғыда



әкелер институтын дамыту және қолдау көрсету, ана мен баланы қорғау мемлекеттің отбасы саясаты саласындағы стратегиялық басымдығына ие. Министрлік жүргізген әлеуметтік зерттеулерге қарағанда, халықтың 82 пайыздан астамы ерлі-зайыптылар бала тәрбиесімен бірдей айналысуы керек деген тұжырымға келген. Дегенмен жұмыс-бастылар, әсіресе әкелер бала тәрбиесіне көңіл бөлмей жатыр. Ашып айтсақ, бүгінгі балалардың көзқарасының қалыптасуына, олардың құндылықтар жүйесіне әлеуметтік желінің әсері көп. Балалар гаджеттерге, әлеуметтік желілерге уақытының көп бөлігін жұмсайды. Бұл қазіргі ата-аналардың өзекті мәселелерінің біріне айналды, – деді ол.

Расында, бала тәрбиесіне келгенде ұлттық құндылықтардан гөрі, материалдық жағдайға көп көңіл бөлетініміз өкінішті. «Баланы аясаң, аяма» деген даналықты ұмытып, кей ата-аналардың баланы шектен тыс объектеуі, қиындыққа төзе білуге үйретпеуі, еңбекке ерте жастан баулымаудың кері әсерін өздері тартып жатқаны жасырын емес. Әсіресе,

ұл баланың тәрбиесіне келгенде әкенің қас-қабағы мен мысының үстем болуы да маңызды.

Форумның түске дейінгі жұмысында «Ер адамның бейнесін қалыптастырудағы әкенің рөлі: жауапкершілік, батылдық, құрмет», «Отбасы және қауіпсіздік», «Саналы түрде ата-ана болу», «Ерлер үшін спорт пен денсаулықтың маңыздылығы» атты бірқатар талқылаулар болды.

Спикерлер арасынан ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, П.Чайковский атындағы Алматы музыкалық колледжінің директоры Біржан Хасанғалиев балалық шағын еске түсіріп, әкеге құрмет туралы ойын айтты. Атақты композитордың баласы ұлттық құндылықтар мен елін сүюді, ата-ананы құрметтеуді, туған жердің қадірін ұғынуды әке тәрбиенің алғашқы сабағы екенін атап өтті.

– Қыздарымызды қырық үйден тыйып болдық. Ал сондай үлбіреген қызын кім тәрбиесіз, бұзақы ұлға бергісі келеді. Ұлттың ұстыны – ұл, шаңырақты көтеретін – ұл, көшті бастайтын – ұл. Сондықтан ең бірінші ұл тәрбиесі мықты болуы тиіс. Әрбір ер жігіт өнегелі, өнерлі, білімді болып өсу керек, – деді.

Жалпы форум барысында отбасындағы қауіпсіздік, тұрмыстық зорлық-зомбылық, суицидтің алдын алу мәселесі қаралып, саналы түрде отбасын құру, бала тәрбиелеудегі әкенің рөлі мен жауапкершілігі, баланың бойындағы қабілеттерді арттыру тақырыптары талқыланды және әрқайсысына жеке сессиялар арналды.

Ұрпақ тәрбиесі – ұлт болашағының кепілі. Әр бала ұлттық рухани құндылықтарды ең алдымен отбасында бойына сіңіріп өсетіні анық. «Ел боламын десең, бесігіңді түзе» демекші, ұлттық тәрбиені талбесіктен бастауға үндеген келелі басқосудың түйіні осы болды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»,
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

1-бет

«ҚЫЗЫЛОРДА-ЖЕЗҚАЗҒАН» ЖОЛЫ – АЙМАҚТАРДЫ БАЙЛАНЫСТЫРАТЫН КҮРЕТАМЫР

«Қызылорда-Жезқазған» жолын жаңғырту – Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың тікелей бақылауындағы ірі жобалардың бірі. Халық ұзақ жыл бойы мәселе етіп көтеріп келгендіктен, асыға күткендіктен жолдың сапалы салынуы, мерзімінде аяқталуы өте маңызды.

– Ұлттық құрылтайдың Атыраудағы отырысында жол салу және жөндеу бойынша ауқымды жұмыстарды бастауды тапсырдым. Ол кезінде 12 мың шақырым автожолды қамтиды. Автожол жолдары – елдің экономикалық және әлеуметтік тыныс-тіршілігінің күретамыры. Негізгі қалаларымыз бен аймақтарымыздың арасын сапалы жолдармен жалғау маңызды. Тағы да қайталап айтамын, сапалы жолдармен, – деп атап өткен болатын Президент биыл ғалымдармен кездесуде.

Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің ғылым және жұмыс сапасы басқармасының басшысы Нұртілек Хасеновтің сөзіне сүйенсек, ұзындығы 200 шақырымдай жол толықтай реконструкциядан өтіп жатыр.

– Қызылорда облысы бойынша жобаның аяқталу мерзімі 2026 жылға жоспарланған. Мердігер компаниялар жолды абадтандыру, асфальт төсеу сияқты жұмыстар жүргізуде. Құрылысқа 700-ден астам адам, 400-ге жуық техника жұмылдырылған. Жобаның Ұлытау жағындағы 208 шақырымын реконструкциялау келесі жылы басталады. Мердігер мекемелер анықталып, жол 8 учаскеге бөлініп, дайындықты бастап кетті. Ұзындығы 400 шақырым болатын жолды салып бітіру мерзімі 2027 жыл деп көрсетілген, – деді министрлік өкілі.

Нұртілек Хасеновтің айтуынша, жолдың сапасы жағына назарда. Ол алдымен, мердігер мекемелердің зертханасында тексеріледі. Сонымен қатар халықаралық қаржы институттарының талаптарына сәйкес халықаралық инженерлердің, «Жол активтерінің ұлттық сапа орталығы» РМК Қызылорда облысы бойынша филиалының қатаң бақылауында.

Баспасөз турында «Жол активтері сапасының ұлттық орталығы» РМК бас директоры Болатбек Айтбаев инспекциялық шолу барысы туралы айтып берді.

– Шолу кезінде 200-ден астам кемшілік және талапты бұзу дерегі анықталды. 4,2 мың сынама зерттеуге алынып, нәтижесінде жолдың 20 пайызы талапқа сай келмейтініне көз жеткіздік. Кемшіліктерді мердігер өз қаржысы есебінен қайтадан қалпына келтірді. Салынған үш учаскедегі жолдың тегістігіне келсек, зерттеу қорытындысымен 96-98 балл жүйесімен бағаланып, нормативтік талаптарға сай келетінін көрсетіп отыр. Бұл – өте жақсы деген көрсеткіш, – деді орталық директоры.

Қызылорда облысы бөлігінде 5 мердігер мекеменің жұмысшылары күннің ыстық-суығына қарамай тер төгіп жүр.

– Негізгі құрылыс жұмысы, яғни үш қабатты бөлігі салынып болып қалды. Енді үстіне қиыршықтасты-мастикалық полимер асфальт-бетон қоспасын төсеу қалып тұр. Келісім-шарт талаптарына сәйкес бес жыл кепілдеме мерзімі белгіленген. Осы уақыт ішінде қандай да бір ақау табылса, мердігер оны өз қаражаты есебінен жояды, – деді Нұртілек Хасенов.

Жол сапасын бақылауға алғандар қатарында шетелдік мамандар да бар. Оңтүстіккорейлік компания өкілі Пак Чжан Жоң сапа мәселесінде халықаралық талаптар ескерілгенін, оған кепілдік бере алатынын жеткізді.

Мердігерлердің басым бөлігі – Қытай компаниялары. Соның бірі – «Лунцзянь» жолдар мен көпірлердің

құрылысы бойынша жауапкершілігі шектеулі АҚ-ның Қазақстандағы филиалы. Филиал өкілі Маржан Қамарованың сөзіне қарағанда, компанияда 160 шақты адам жұмыс істеп жатыр. Оның 25-і – Қытай азаматы, қалғаны – қазақстандықтар. 80-85 пайызы – жергілікті азаматтар, яғни Қызылорда қаласынан.

«Қыран» ЖШС – жол құрылысы саласында тәжірибесі жеткілікті, бес мердігердің ішіндегі жалғыз қазақстандық әрі жергілікті компания. Отандық кәсіпорын алғашқылардың бірі болып жұмысын аяқтағанын ерекше атап өткен жөн. Мұның өзі қазақстандық компаниялардың ауқымды жобаларға қатысып қана қоймай, халықаралық талаптарға сай жол салуға қауқарлы екенін көрсетіп отыр. Себебі Еуропалық даму және қайта құру банкі арқылы қаржыландырылған жобадан мердігерлерге өте жоғары талап қойылған.

– Бізге тиесілі жол ұзындығы – 29 шақырым. 2022 жылы сәуір айында жұмыс басталды. Қазіргі күні үш қабатты асфальт толық төселді. Жол белгілерін қою, жолақтар сызу, жарықшамдар орнату жұмыстары аяқталды. Жолаушыларға арналған

қатынайды. Жолдың ой-шұңқыры өзге көлік жүргізушілері мен жолаушылар сияқты оны да әбден шаршатқан.

– Жол құрылысы толығымен бітсе, шығын біраз азаяр еді. Уақыт та үнемделеді. Жолдың аяқталған бөлігіне көңіліміз толады. Сапасы жақсы, ризамыз, – деді ол.

Көлік министрлігі Автомобиль жолдары комитетінің басқарма басшысы Нұртілек Хасенов жол салудың өзіне тән қиындықтары барына, бірақ ол ескерілмей, көбіне сыни пікірлер жиі айтылатынына тоқталды.

– Біздің саладағы үлкен проблема – кадр тапшылығы. Сегіз жыл жабылып қалып, бытыр қайтадан ашылған жол құрылысы маманын еліміздегі 8 жоғары оқу орны дайындайды. Осы мамандыққа 800 мемлекеттік білім гранты бөлінгенмен, небәрі 40 студент қана құжат тапсырды. Бұл – төрт жылдан кейін 40 инженер ғана диплом алып шығады деген сөз. Біз қанша жерден жол салып, бітірсек те оны мамансыз күтіп-ұстау мүмкін емес. Жастарды салаға тарту қиын болғандықтан, шетелден адам алдыруға мәжбүрміз. Жолшылардың жалақысы жоғары. Бірақ негатив пікір көп болғандықтан,



демалыс аймағы салынып жатыр. Жыл аяғына дейін толығымен пайдалануға береміз. Осы жұмысты атқаруға 150-ден астам жұмысшы, 90 техника тартылды, – деді «Қыран» ЖШС жоба жетекшісі Есенғай Өмірзақов.

«Қазавтожол» ҰК Қызылорда облыстық филиалы директорының орынбасары Ерсайын Мұзафар жол салу барысында 6 асфальт зауыты құрылғанын, 165 шақырымға айналма жол салынғанын атап өтті.

– Көлік министрлігінің тапсырмасына және бекітілген кестеге сәйкес 140 шақырым жол құрылысы жоспарланған. Соның 90 шақырымы биыл пайдалануға беріліп, онда көлік қозғалысын толық ұйымдастырамыз. Қалған 50 шақырымын келесі жылдың аяғына дейін бітіреміз, – деді ол.

Қызылорда қаласының тұрғыны Серік Райымбеков бұл аралықпен жиі

ешкім келгісі келмейді, – деді министрлік өкілі.

«Сапа керуені» баспасөз туры аясында БАҚ өкілдері жаңа жолмен жүріп, Қызылорда облысының шекарасына дейінгі атқарылған жұмыстарды көрді. Жұмысшылардың тыныс-тіршілігімен танысып, қызу тірлікке куә болды. Жалпы жыл аяғына дейін «Қызылорда-Жезқазған» автожолының 140 шақырымында көліктер қозғалысына жол ашылады деп күтіліп отыр. Айналасында демалыс алаңдары, санитарлық-гигиеналық тораптар, қоғамдық тамақтану орындары, жанар-жағармай құю станциялары салынады. Жол ашылған соң онымен күн сайын жүретін көлік саны 4 мыңнан кем болмайды деген болжам бар.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

1-бет

ЖОЛАУШЫ ЖАЙЛЫЛЫҒЫ ЖАН-ЖАҚТЫ ОЙЛАСТЫРЫЛҒАН

Сыр өңірінде жолаушылар көлігі және автомобиль жолдарын жақсарту бағытында нәтижелі жұмыстар жүзеге асты. Қазір 212 елді мекенді Қызылорда қаласы және аудан орталықтарымен байланыстыратын 202 автобус бағдары ұйымдастырылған. Оған қоса Өзбекстан астанасы Ташкент қаласына, Астана, Алматы, Шымкент, Жезқазған, Түркістан, Сарыағаш, Ақтөбе және тағы өзге өңірлерге автобус қатынайды.

– Қызылорда қаласының қоғамдық көлік мәселесін шешу бағытында табиғи газбен жүретін 300 автобус алынды. Сол арқылы «Қызылорда автобус паркі» ЖШС қалалық 32 бағытта халыққа қызмет көрсетуде. Облыстық бюджеттен қаражат бөлініп, Қызылорда қаласы мен аудандарға қарағанда елді мекендер көшелері жөндеуде. Осы ретте мемлекеттік бағдарламалар аясында облыстағы жол саласын дамытуға республикалық бюджетке 61,1 млрд теңгенің 101 жобасы ұсынылды. Облыстық және аудандық маңызы бар автомобиль

жолдарының жақсы және қанағаттанарлық деңгейін 92 пайызға жеткізу межеленген, – деді облыстық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары басқармасының басшысы Жәнібек Сыздықов.

Былтыр Мемлекет басшысы Сыр өңірінде жасаған сапары барысында «Батыс Еуропа – Батыс Қытай» көлік дәлізінің Қызылордадан Ақтөбе облысына дейінгі аумағын төрт жолықатқа кеңейтуге қолдау білдірді. Осы ретте Көлік министрлігі техникалық-экономикалық негізінде әзірлеп, тұрғындар арасында тыңдалым

өткізілуде. Алдағы жылы ол бойынша жоба-сметалық құжаттар әзірленіп, қаржы қарастырылады.

– «Болат Өтемұратов қорының» демеушілігімен «Қорқыт ата» әуежайының жаңа жолаушылар терминалының құрылысы мамыр айында толық аяқталды. Сондай-ақ облыстық бюджеттен қаржы қаралып, әуежайдың сыртқы инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылымы жеткізілді. Қазір әуежай аумағында су, кәріз, электр және интернет желілері, бу қазандығы мен КНС, автотұрақтар, автомобиль жолдары салынды. Оған қоса халықаралық стандарттарға сай келетін екінші телескопиялық трап әкелінген. Трапты монтаждау жұмыстары аяқталғаннан кейін терминалды ашу жоспарлануда, – деді басқарма басшысы.

«СБ» ақпарат

ЖҮРЕК ЖЫЛУЫ ЖАН ЖАДЫРАТАДЫ



Облыс әкімінің ұсынысымен биыл «Халық банк» акционерлік қоғамы банктің жүз жылдығына арналған «100 игі іс» науқаны аясында Қызылорда және Байқоңыр қалаларына мүгедектері бар адамдарды тасымалдауға әрқайсысының құны 23 млн теңге тұратын арнайы 2 инвентаси көлігін сыйға тартып, ол халық игілігіне қызмет көрсетуде.

Биыл алғаш рет барлық санаттағы мүгедектері бар адамдар мен балаларға 3 айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде бірреттік әлеуметтік көмек беруге облыстық бюджеттен қаржы бөлініп, Республика күніне орай төленді, – деді облыс әкімінің бірінші орынбасары.

Жалпы аймағымызда 2000-нан астам әлеуметтік қызметкер жұмыс жасайды. Оның 400-ден астамы мүгедектері бар адамдарға, жалғыздікті қарттарға қызмет көрсетеді. Келер жылдың І қаңтарынан бастап арнаулы әлеуметтік қызмет көрсетуді лицензиялау мен қызмет көрсету ұйымдарын жан басына қаржыландыру жүйесі іске асады. Бұл инновациялар халықты әлеуметтік қорғауды жақсарту мен қолжетімділікті арттыруға бағытталған.

Облыста өткен жылы ашылған «Еңбек мобильділігі орталығы» еңбек нарығын үйлестіруде. Сонымен қатар «Отбасын қолдау орталықтары» заңгерлік және психологиялық көмек көрсетуден бастап

кәсіпкерлік негіздерге оқытуға, бизнес-жоспар құруға, грант немесе шағын несие алуға жәрдемдеседі, мұқтаждығын зерделейді.

Әлеуметтік қорғау саласына үкіметтік емес ұйымдар да өз үлесін қосуда. Биыл 7 жоба іске асырылуда, ол 1,5 мыңнан астам азаматты қамтиды.

«Үй жағдайында мүгедектері бар балаларды оңалту» пилоттық жобасы өткен жылдың желтоқсан айынан бері арнаулы әлеуметтік қызметтер көрсету балалар орталығы базасында іске қосылды. Жоба аясында «Қазақстан халқына» қоғамдық қоры жетек арба, көпфункционалды әмбебап кресло-арба және вертикализаторлар жеткізді.

Шара соңында саланың дамуына үлес қосқан ардагерлер мен мамандар марапатталды. Ардагер Сұлтанбек Махамбетовке «Еңбек ардагері» медалі, Жаңабай Жәкеновке «Әлеуметтік еңбек саласының үздігі» төсбелгісі, сала қызметкерлеріне тағы басқа марапаттар табысталды.

Мәдениет үйінің фойесіне арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету орталықтарындағы қызмет алушылар салған суреттер галереясы және қайтарымсыз мемлекеттік грант иегерлерінің жұмыстарынан көрме ұйымдастырылды.

Айсәуле ҚАРАПАЕВА,
«Сыр бойы»
Суретті түсірген
Нұрболат НҮРЖАУБАЙ

1-бет

КӨПҚАБАТТЫ ҮЙЛЕР – ҚАЛАНЫҢ КӨРКІ

Өткен жылы аймақта 4108 пәтерлік 300 тұрғын үй салынған. Нәтижесінде 2400-ге жуық пәтер табысталып, 11 мыңнан астам тұрғын қоныстой тойлады.

Биыл бюджет қаражаты есебінен 13,3 млрд теңгеге 1269 пәтерлік 67 тұрғын үй құрылысы жүргізілмек. Алдағы уақытта бұл көлем тағы да ұлғаяды. Жыл басынан бері 2800 тұрғынға 853 пәтер кілті табысталды. Оның ішінде «Тасбөгет» кентінде 323 отбасы баспанала болса, Наурыз мерекесі қарсаңында Жаппасбай батыр көшесіндегі көпқабатты үйден 380 отбасыға үй берілді. Сондай-ақ 150 отбасыға сол жағалаудан пәтер кілті табысталды. Мұнан бөлек, осы айда «Отбасы банк» АҚ арқылы «Тұрғын үй-коммуналдық инфрақұрылымды дамыту» 2023-2029 жылдарға арналған бағдарламасы» аясында 1400 тұрғынға 470 пәтер пайдалануға берілді. Жыл аяғына дейін 1 595 пәтер ел игілігіне табысталмақ.

– Жалпы қалада 3911 пәтерлі 74 көпқабатты тұрғын үйдің құрылысы жүргізілуде. Біз тұрғындардың талап-тілектеріне орай мақсатты шараларды жүзеге асырып, жайлы баспана ұсыну үшін көпқабатты тұрғын үй құрылысын қарқынды жүргізудеміз. Оның ішінде 3139 пәтерлі 58 тұрғын үй бюджет есебінен, 772 пәтерлі 16 тұрғын үй жеке инвестиция есебінен салынууда. Жыл соңына дейін 7 қабатты 10 үйдің жобасметалық құжаттарын және сараптама қорытындысын алу жоспарлануда, – делінген қала әкімдігінің мәліметінде.

Ал өткен жылы бастау алған қала орталығындағы 12 көпқабатты

тұрғын үйдің қасбетіне күрделі жөндеуді аяқтау үшін облыстық бюджеттен 120,8 млн теңге бөлінді. Сондай-ақ қосымша 20 көпқабатты тұрғын үйдің қасбетіне 740 млн теңге бөлініп, мердігер «Асар» және «Бест Строй Групп» ЖШС жұмыс жасауда. Оған қоса 77 көпқабатты тұрғын үй мен 2 әлеуметтік нысан қасбеті заманауи үлгіде әрленуде.

Тұрғындардың арыз-шағымына сәйкес, көпкәтерлі тұрғын үйлерге кондоминиум объектісінің ортақ меншіктегі мүліктерін күрделі жөндеудің жекелеген түрлері бойынша 21 көпқабатты тұрғын үйді қайта жаңғырту үшін республикалық бюджеттен 1,9 млрд теңге бөлінді. Оның 18-інде жұмыс жасалуда, қалған 3-і бойынша тұрғындармен келісім жүргізілуде. Қазір мердігер мекемелер анықталып, келісім-шарт Өнеркәсіп және құрылыс министрлігі Құрылыс және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық істері комитетіне жолданып, Мамандардың айтуынша, келісім алынғаннан кейін мердігер мекемелер жұмыс бастайды.

Алдағы жылы 20 көпқабатты тұрғын үйдің жоба-сметалық құжаттары дайындалып, облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасына 2,2 млрд теңгеге бюджеттік өтінім ұсынылған.

Сонымен бірге «Халық қатысатын жоба» бағдарламасы аясында қалалық бюджеттен бөлінген 332 млн теңгеге ауаларды абадтандыру, ойын алаңдарын, аяқсу лотоктарын салу бағытындағы 11 жоба жүзеге асырылуда.

Мейрамғұл
ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
«Сыр бойы»

1-бет



ТАРИХ

Қазақта халық атынан сөйлеген, жұрттың жоғын жоқтаған арлы да алғыр азаматтар көп болған. «Балықшы балықшыны алыстан таниды» дегендей, олар Қазақстанның әр түкпірінде жүріп-ақ бірін-бірі жақсы білген, бір-бірінің ниетін айтпай түсінген, тіршілікте бір-біріне үйірсеңдік көрсеткен.



ҰЛТҚА ҚЫЗМЕТ ЕТУДІҢ ҰЛГІСІ

Байқайсыздар ма, сонау солтүстікте, Аркада өсіп-өнген А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Ж.Аймауытов, М.Жұмабаев біраз ғұмырын оңтүстік өңірде өткізген, елеулі еңбектерін Ташкент, Шымкентте өмірге келтірген. Өйткені онда өздері сияқты халық қамын жеген, жұртшылық жоқшысы ретінде танылған Т.Рысқұлов, Н.Төреқұлов, С.Қожановтай арда азаматтар қызмет еткен. Қуғын-сүргін көріп, бастарына қауіп төнгенде, ашаршылыққа тап болып, халқына талғажау іздегенде, арыстар осыларды барып паналаған, солардан көмек күткен, қолдау тапқан.

Ұлтжандылығы, рухы, мінезі, ниет-мақсаты жағынан аталған арыстарға етене жақын болғандардың бірі — С.Қожанов. Оларды өте жақсы түсінген, қатты іш бұрған. «Ақ жол» газетінің алғашқы редакторы ретінде Арка азаматтарын бауырына тартып, сөз беріп, кітаптарын шығарып, қамқорлық көрсеткен. Бұларды өзара осынша жақындастырған идея бірлігі — өз халқына деген шексіз сүйіспеншілік, оның болашағына деген ерекше қамқорлық, өз ұлтын теңдікке, игілікке жеткізсек деген арман-аңсар еді.

Сонау 1921 жылы-ақ Түркістан Компартиясының VI съезі қараңдыда ұлтты бірлікке, елдікке шақырған, өз жұртшылығын жасаудың, мемлекетін құрудың қажеттілігін түсіндірген. Орта Азияны ұлт ретімен, әр ұлтты өз шекарасымен бөлу тұсында, ел болу, жұрт болу, мемлекет құру мәселесі Сұлтанбек назарын бұрынғыдан да қатты аударды.

«Жол қиын, жүк ауыр. Бірақ үлесінен шығуымыз — міндет» («Ақ жол» газеті, 30.07.1924 ж) деп қиындықты айта отырып, үміт үлгісін көрсетті. Осы қиындықтан өз халқын құлатпай алып шығып, тезірек есін жиғызып, етегін жауып, ел қылып жіберу үшін ірі әрекеттерге барды. Шекара бөлісіне, дүние үлесіне батыл араласты.

Шекара бөліс жөнінде Сұлтанбек бұдан кейін де көп жазды, көп таласты, қатты сынга да ұшырады. Пікірталаста бұл қисынсыз кінәға «Аңдамалы сөйлеген ауырмай өледі» («Ақ жол» газеті 18.08.1924 ж) деген мақаласымен жауап берді.

«Мен Қожанұлы, бүркеніш жамылатын адам емеспін. Мен — Түркістан коммунистік партиясы Бас комитетінің жауапты хатшыларының бірімін. «Ақ жол» — сол комитеттің органы. Ендеше, біздің шекара бөлу мәселесіне араласуымыз заңды» деді.

Кезінде бұл талас-тартыс Сталиннің де құлағына жетті. Ол Сұлтанбектің өз халқының жоғын жанын сала жоқтауын жақтырмаған. Ораз Исаевтің жазуынаша, «халық көсемі» бірде оған былай деп шүйілген. «Қожанұлы ыңғи қазақ елінің өзгешелігін тым көпіртіп үлкеніте айтпайды».

Кейбіреулер «Сендер бостықтарыңнан, Ташкенттен айрылып қалдыңдар, істің бәрін қолдан бердіңдер» деп назаланды. «Қулақтар салған поселкілерге ғана ие болып қалдыңдар» деп шамданды. Сұлтанбек бұларға да салиқалы, ұстамды жауап берді. «Ташкент өзбек қаласы екені рас. Бірақ қанша жүз жылдан бері біресе Күншығыстың, біресе Күнбатыстың колонизаторларының туы тігілген қазақ еліне, қазақ шаруасына кіндік болған қала екені тағы рас. Бірақ нәтижесінде Ташкент бізге тиген жоқ. Өзбек ұлтының қаласы Өзбек мемлекетіне кетті. Енді бізге Ташкентсіз мемлекет жасаудың әрекетіне кірісу ғана қалды».

(История топонимического разделения, Душанбе, 1991, стр.37. Бұл кітапта құжаттардың архивтегі нәзігерді көрсетілген.)

Міне, осылай жан-жақтан жабылып, ақыры Кремльдегі көрегендер Сұлтанбек Қожановты панторкизммен айыптап, «халық жауы» деп жариялады. Бұл ауыр айыптау болып саналатын. Елі үшін туған азамат 1958 жылы ақталғанымен, еңбектері кешеге (1989 ж) дейін жабық болды.

Міне, осынша айтыстан кейін, астана Орынбордан Ақмешітке көшіп келеді. Бұл жұмыс та С.Қожановтың араласуымен болады. В.Найишвили астананы таңдау туралы көпшіліктің ұсыныстарын талдай келіп, онымен ақылдасып, Түркістан қаласын астанаға лайық деп ұйғарады. Бірақ арада бірер күн өткен соң бірінші хатшыға кіріп, астананы Түркістан етуге қарсы екенін айтады. Осыған байланысты қойылған сұрақтарға өзінің Түркістаннан екенін, ал астананы ол қалаға берсе, ел арасында бұл С.Қожановтың әрекеті деген сөз шығып, аяғы үлкен дауға айналуы мүмкін деп жауап береді. Сондықтан астананы теміржолдың бойында, Сырдарияның жағасында орналасқан Ақмешіт (бұрынғы Перовск, бүгінгі Қызылорда) қаласына ауыстырған жөн болар деген ұсынысы айтады. Ұсынысы қабылданып, астана Қызылордаға көшіп келеді.

С.Қожановтың қазақ халқы үшін басын бәйгеге тіккені, осы жолда ешнәрседен де қайтпағаны көрінеді. Не деген ерлік, не де-

ген азаматтық! Бұл адамгершілік борышты ақтау, жақынға жақсылық жасау, таланттарды қорғау, қазақ жастарының өсуіне барынша мүмкіншілік туғызу еді. Қазақ тілінде математикадан оқулық жазды. Әдебиетке байланысты еңбектерін А.Шәріпов зерттеген.

С.Қожанов өміріндегі маңызды оқиға — 1921 жылы 3 желтоқсанда Бүкілресейлік Кеңестердің IX съезіне шешуші дауыспен делегат болып қатысуы. Сол съезде жалынды сөз сөйлеп, тың ойлар ұсынады және айтқандары В.Ленинге қатты ұнайды. Үзіліс кезінде пролетариат көсемі кабинетіне шақырып алып, «жарайсың, қызуқанды қырғыз» дейді. Сонда ол «біз қырғыз-қайсақ емеспіз, қазақпыз, нағыз қызуқанды қазақтар әлі қазақ даласында жүр, олар сізге жеткен жоқ. Олар әлі сізге келеді дейді». Осы жолы Ленин «елге оралған соң халық ағарту мәселесімен терең айналысыңыз» деп кеңес береді. Сұлтанбек тұғырдан түспек түгілі, қызметі тездеп өсе бастайды. Дұшпандары мұны Лениннің оған деген жақсы көзқарасынан деп ұғады да ашық айттыса бара алмайды.

Қазақ АССР-ы құрылып (1924ж), астанасы уақытша Орынбор қаласы болады да, Сұлтанбек Қожанов Кремльдің ұйғаруымен Ташкенттен Орынборға БКП (б) Қазақ өлкелік комитетіне жауапты хатшы қызметіне ауыстырылады. Ол кезде бірінші хатшы Найишвили, екінші хатшы Ежов болатын, ал жауапты хатшы осыдан кейінгі лауазымды қызмет еді. Найишвили өз қызметіне берік, алғыр, ұйымдастыру қабілеті жоғары әрі қажырлы, Ленинмен, Сталинмен тікелей таныс С.Қожановқа қатты естенді.

1925 жылы 19 ақпанда Сұлтанбек Қазақ өлкелік партия комитетінің екінші хатшысы болып сайланады. Осы кезде астананы Орынбордан көшіру мәселесі туалды, себебі 1924 жылы Орта Азия республикалары шекарасын анықтау барысында Орынбор Ресейдің құрамына өткен еді. Оның үстіне Сталин екінші хатшы Қожановты шақырып алып, «Қазақтар, енді Орынборды босатындар, артық күтетін уақыт жоқ» деген тапсырма беріпті.

Қазақстанның астанасын таңдау, анықтау мәселесіне С.Қожанов өте көп еңбек сіңірген. Оның арманы Ташкент қаласын Қазақстанның астанасы жасау еді. Сайып келгенде туыс халықтардың тұтастығын сақтайтын Орта Азиялық федерация құруды ұсынады. Ташкентті мәдени, экономикалық орталық сонымен қатар, Қазақ Республикасының астанасы болуы керек деген идеяны да ұсынады.

Осы комиссияның жұмысын терең зерттеген, ол туралы бірнеше кітап жазған тәжікстандық ғалым Р.Масов өзінің «Таджики: история с грифом «Совершенно секретно» деген кітабында Қожановтың батылдығын, патриотизмін, табандылығын жоғары бағалап, «еңбегі адам таңғаларлық және үлкен құрметке лайық» деген. Осы кезеңде Тәжікстанның көп жері Өзбекстанға берілгенін де қатты сынайды. Қожановтың батылдығын «Орта Азия халықтарының қай-қайсының мүддесі болса да таза және ашық қолдайтын еді» деп атап көрсетеді.

Жоғарыда келтірілген деректерден байқайтынымыз, ол Қазақстанда бар болғаны 3 жылға жуық қызмет жасаған, ал қалған уақытта Мәскеу мен Ташкентте алма-кезек қызмет ауыстырып отырған. Сондықтан табылмай жатқан материалдарды Мәскеу, Ташкент архивтерінен іздеген жөн. Оларды толық жинап, арыстың жарқын өмірін халқына жеткізу бүгінгі ұрпаққа міндет болса керек.

С.Қожановты 1938 жылы 8 ақпанда өлім жазасына кесу үкімі Мәскеуде шыққан. Быыл оның туғанына 130 жыл, жазықсыз жазаға ұшырап опат болғанына — 86 жыл. Бізге ендігі міндет — аға ұрпақ еңбегін дұрыс бағалау, яғни, күрескерлік бейнесінен үлгі ала білуіміз керек. Есімін қалай ардақтаймыз деген сауат көңілде жүреді. Қазаққа қазақ атын қайтарғаны бар, атын «Қызылорда» деп өзгерткен қаланың астана болғанына 100 жыл толады. Ол — Алаштың ұлы ғой, Алаш үшін бар қиянатты бастан кешкен. Бүгінгі қазақ елінің қай жоғары оқу орнына болса да, атын беру орынды болар еді.

2010 жылы 19 сәуірде 15 академик пен зиялы азаматтардың қолдауымен Президент жанындағы мемлекеттік басқару академиясына және Алматы қаласындағы №146 мектепке С.Қожановтың есімін беру туралы ұжымдық хат жолдағанбыз. Десек те, осы уақытқа дейін бұл мәселе шешімін таппай келеді. Қазақ халқы өзінің бүгінгі тәуелсіз өмірі мен ұлттық мемлекеті үшін Сұлтанбек Қожанұлына қарыздар.

Мұқан ӘБДІРАМАНҰЛЫ,
«Сұлтанбек Қожанұлы қорының»
президенті
Алматы қаласы



Коллаж: Г. Огешова

ӘСКЕРИ-ТЕҢІЗ КҮШТЕРІНДЕ БОРЫШЫН ӨТЕГЕН

Президент 2020 жылы Ардагерлер туралы заңға қол қойды. Заңда ардагерлердің әлеуметтік тұрғыда қорғалатын бес санаты көрсетілген. Оның ішінде екінші дүниежүзілік соғыс және тыл ардагерлері, сондай-ақ әр жылдары шет мемлекеттердегі әскери іс-қимылдарға, Чернобыль АЭС апаты зардабын жоюға, Ирактағы бітімгерлік миссиясына қатысқандар бар.

Алайда, арнайы санатта өткен ғасырдың сексенінші жылдары Иран-Ирак соғысы кезінде Парсы шығанағындағы әскери іс-қимылға қатысқан теңізшілер жоқ. Соның бірі — Қызылорда қаласының тұрғыны Бақытжан Жақанов. Ол 1986 жылы КСРО әскери-теңіз флоты қатарына шақырылып, Тынық мұхиты флотының сүңгуір қайыққа қарсы «Маршал Шапошников» кемесінде әскери қызмет атқарды. Өзі сияқты жас сарбаздарға азаматтық кемелер мен танкерлерді күзету, олардың кедергісіз қозғалысын қамтамасыз ету жүктелді.

Парсы шығанағындағы әскери іс-қимылды «танкерлер соғысы» деп те атайды. Кеңес одағының сауда жасайтын азаматтық кемелері ирандықтардың шабуылынан қорғануы керек. Біздің міндетіміз — сол әскери-теңіз күштерінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, — дейді кейіпкеріміз.

КСРО әскери-теңіз флотының 8-желд эскадрильясы құрамында Кеңес одағының азаматтық кемелеріне конвойлық қызмет көрсеткен ол құрлық пен су үстіндегі соғыстың айырмашылығы барын айтты. Жер үстінде жаудан қашып жасырынға болады. Ал су үстінде ондай мүмкіндік жоқ.

Өзім Парсы шығанағында әскери-теңіз кораблінің бу қазандығы жарылып, істен шыққанына куә болдым. Енді ойлаңыз, далада 60, теңіз кораблінің ішінде 80-90 градус ыстық. Адамдар ыс-

тыққа шыдамай, бу қазандығын он минут сайын ауысып жөндеуге мәжбүр болды, — дейді Бақытжан Жақанов.

Оның айтуынша, Парсы шығанағында азаматтық борышын өтеген қазақстандықтар қатары жүзде жетпейді. Қызылорда облысынан төрт-бесу ғана. Сондықтан ешкім олардың басын құрап, қоғамдық ұйым құрмаған. Өйтсе де, заң талқылауын жатқа да бір топ белсенді Қорғаныс, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрліктеріне, Сенат, Мәжіліс депутаттарына әлеуметтік мәртебе беру туралы хат жолдаған. Ардагерлер туралы заңға Тәжік-Ауған шекарасында болғандар, Чехословакиядағы қатығысты реттеуге қатысқандар, бітімгерлер қатарында Ирак пен Таулы Қарабақта болған Қазақстан Республикасы әскери күштерінің қызметкерлері еніп, бұлар шет қалған.

Ардагер мәртебесін алу үшін автомат асынып, жауға қарсы оқ жаудырып, қауіптің белортасында жүруі керек екен. Бірақ теңізге шығудың өзі қауіп екенін қалай түсінбейді? Ең қызығы, жауарыда отырған кейбір жоғары мамандар мұндай соғыс болғанын білмейді де. Құзырлы орындардың бұл мәселеде сыртқа жалтақтайтыны тіпті қызық, — дейді әскери-теңіз күштерінің ардагері.

«Танкерлер соғысына» қатысқандардың тағы бірі — Арал

ауданы «Аманөткел» елді мекенінің тұрғыны Бақытбек Избасқанов. Ол да өздерінің елеусіз қалып келе жатқаны үшін қапалы.

1988 жылы әскерге шақырылып, 1991 жылға дейін әскери-теңіз флотында азаматтық борышымды өтедім. 1989 жылы ақпаннан тамыз айына дейін Парсы шығанағында әскери іс-қимылға қатыстым. Міндетіміз — Қызыл теңізге тасталған минаны сүзіп тазалау. Кеңес одағының азаматтық жүк корабльдерін дитеген жеріне дейін шығарып салып тұрдық. Осы еңбегім үшін КСРО-ның мемлекеттік наградасы — «Адмирал Нахимов» медалін иелендім. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін Үкіметтен қолдау күткенбіз, бірақ ол әзірге арман болып тұр, — дейді Бақытбек Избасқанов.

Бақытжан Сәкенен 1989 жылы Қызылорда қаласынан Кеңес әскери қатарына алынып, Парсы шығанағындағы қатығыс аймағынан бір-ақ шыққан.

Кеңес өкіметі тұсында соңғы үш жыл бойы әскери-теңіз флотында қызмет атқарған біз болдық. Владивостоктан Парсы шығанағына бір жарым айда әзер жеттік. Онда кеңестік кеме қатынасының қорғаныс және қауіпсіздік іс-шараларын қамтамасыз етумен айналыстық. Екі жылға таяу уақытты сонда өтті, — дейді кейіпкеріміз.

Қақтығыс аймағында басын қауіпке тіккендердің қай-қайсысы да әлеуметтік мәртебесінің заңмен айқындалғанын қалайды. «Осындай соғыс болғанын, оған Қазақстанның сарбаздар қатысқанын халық білсе» дейді олар.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы»

ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

«КӨГЕРШІНДЕР КОРОЛІ»

Сіз Қазақстанның халық жазушысы, Ұлы Отан соғысының ардагері, Әбу Сәрсенбаевтың шығармаларының ішінде шоқтығы биік, теңізшілер өмірінен жазылған повесті оқыдыңыз ба? Оқысаңыз, ондағы басты кейіпкер Болатханның өзінің досы Бекшені әзілі-шыны аралас «көгершіндер королі» деп атағанын білетін боларсыз. Алайда, бүгінгі айтамыз — кітап кейіпкерлерінің өмірінен алынған үзінді емес, күнделікті өмірде өзім куә болған жайт.

Мығым денелі, ұзын бойлы, жігіт ағасы жасындағы азаматты жиі көремін. Алғашқыда мән бермеген едім. Көңілім үйренісе келе бұл адамның сырт көзге сәл тосындау әрекетіне қайран қалдым. Таңыраудың соңы онымен жақын танысуға ұласты. Бір қызығы, оның маңайынан кептерлер топ-тобымен ұшып-қонып, айналықтап шықпай жүретінін байқадым. Мәнісін тілдесе келе түсіндім. Ербол салғай ауылда көпбалалы отбасында туып-өскен, бала кезінен күс өсіруге құмар екен.

Сонау 70-жылдары ауылдағы ғимараттардың аса биік болмайтыны баршаға мәлім ғой. Көрші аулаға балабақша орналасқан болатын. Ол кезде ойын баласымыз. Бір қараңғы түнде інімді ертіп алып, қолыма қолшам ұстап, әлгі балабақшаның шатырына жасырынып кірдік. Қарауылы көрінбеген соң үй төбесіне емін-еркін жүрміз. Өзімізбен бірге бірнеше

бос қап ала шыққанбыз. Жанарымыз шатыр ішіндегі ағашқа қаз-қатар қонған жабайы кептерге түскенде баға жетпес асыл қазынаға жолыққандай қуандық. Қолшамның жарығымен кептерлерді ұстап, бос қапшықтарға сала бастадық. Бірнеше қапты әп-сәтте толтырып үлгердік. Шатырдан түсіп, үйге жетіп, сарайдың есігін ішінен бекітіп алдық.

Өткір қайшымен кептерлердің қанатын сүйегіне тигізбей ұшынан қыркып, алды ала сым темірден өзіміз жасап алған кен үйшікке қамадық. Алдына мол қылып жем шашып, ыдысқа су құйып қойдық. Өке-шешеміз совхоздың бақшасында жұмыс істейтін. Жаз бойы далалықта еңбек етеді. Үйде өзімізнен үлкен өпкем, інім үшеуіміз ғана боламыз. Өпкеміз мейірімді жан. Біздің қылығымызға қатты ашуланған жоқ. Десе де, «жазықсыз құстарды өлтіріп алып, обалына қалмандар. Жақсылық бағындар» деп қатты ескертті.

Інім екеуімізге жұмыс табылды. Өпкеміздің ақылмен кептерлерге арнап көлекке баспана жасап қойдық. Жем-суды көлеңке жерде беріп, басқа да қосымша азық дайындап, жатар орнын тазалап әбігерге түсеміз. Уақыт өте бізге әбден үйренісіп алды. Үй құстарындай алдымызға салып айдап, көгалға апарып жайып әкелеміз. Көрші балалар бізге қызғыға да қызғана қарайтын.

Қуз мезгілі де жетті. Бұл шақта кептерлердің қиылған қанаты әбден жетіліп, өз бетімен ұшып-қонатын болды. Бірақ қолдан жем жеп дағдыланған, маңайымыздан ұзамайтын. Алғашқы қара суық соққанда біздің кептерлер әлдеқайда ұшып кетті. Сондағы інімнің егіліп жылағаны әлі қалдымда.

Келесі жылы ескі балабақша ғимаратын бұзып, орталықтан жанаңын салды. Ардақ қаншама жыл өтті. Қазір өпкем, інім үшеуіміз де немере сүйеген ата-әжеге айналдық. Алайда сол баяғы өзіміз жаз бойы баққан кептерлерді жиі есіме түсіремін. Жем шашып өткен күніме, балалық шағым деген сағынышымды басамын, — деп әңгімесін аяқтады.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,
«Сыр бойы»
Қазалы ауданы

/// ОРМАН НҰРХАБАЕВ – 110

Журналист Орман Нұрхабаев 1914 жылы қазіргі Сырдария ауданындағы «Шіркейлі» ауылында туған. Атақты Ұлбикемен айтысатын Күдеріқожаның аталас туысы Қалтай Мұхамеджанов, Әбдіраш Жәмішев, Тапал ахунның жерлесі. 1931-1933 жылдары Алматыда журналистер және Жоғарғы партия мектебін бітірді. Еңбек жолын теміржол саяси бөлімінде бастықтың орынбасары болып бастап, Сырдария, Шиелі аудандық газеттерінде редактор, «Ленин жолы» газетінде бөлім меңгерушісі, 1967-1977 жылдар аралығында облыстық баспаханна директоры болып, зейнетке шықты.



Қаламы ұшқыр журналистің туғанына 110 жыл толуына орай, бір үзік естелікті жариялап отырмыз.



Айтқыр аға

Біз Орекенмен сонау елуінші жылдардың басында қызметтес болдық. Әуелінде газеттің партия тұрмысы, бұдан соң ауыл шаруашылығы бөлімін басқарды. Әдеби қызметкерлері Досмағанбет, Құрманғали болды. Орман аға төгілте әңгіме айтатын кісі еді. Құрдастары Әбділла Құрманасев, Әбдікерім Оналбаев, Бөлекбай Әлменовпен жиі әзіл қағыстырып отыратын. Журналист Назым Есімова деген апай болды. Хат бөлімінде әдеби қызметкер. Бірде сол кісі сырқаттанып, ауруханаға жатып қалды. Баяғы май мерекесін атап өтер күні еді, Орекен бір шок гүлді қолына ұстап, Назымды құттықтауға барғаны бар.

– Уа, Назым ханым, бұл не жатыс! Тез шық. Кенсеміз сенсіз күздің сарғайған жапырағындай құлазып тұр, – деп Орекен құшағын ашты. Бір-бірін сүйіп жатыр. Мейірімін қанды. Енді жазылсаң деп Орекен әрен құшағынан босатқан еді-ау! Шіркін, бұрынғының адамдары-ай, шіркін ағалар-ай!?

Зейнетке шығар алдында облыстық баспаханнаға директор болды. Баспахананың материалдық базасын кеңейтті. Бұл жайында баспагер Бақыт Қайымов бізге жиі-жиі төгілте әңгімелейді.

– Қайран Орекен. Қамқоршы аға еді жарықтық, әзіл-оспақты жандыратын. Баспаханна инженері Фатима атты татар келіншек еді, жиналыс үстінде жұрт көзіне бетінен сүйіп, бәрімізді қырантопан күлкіге кенелтетін. Баспаханна қызметкерлерінің қуанышты сәттерін атап өтуді дәстүрге айналдырды. Бәріміздің отбасы жағдайымызға ерекше көңіл бөлетін. Биыл қайран ағаның туғанына 110 жыл толып қалыпты-ау. Жүйтікпен уақыт-ай! – деп толқып отырғаны бар.

Бір досы ұзақ жыл төсек тартып үйінде жатып қалды. Аты Ләтпіп еді. Соған Орекен күн құрғатпай соғатын. Ләтпіп Орекен келген бойда бір серпіліп, төсегінен бас көтеріп, жерілдеп қалатын.

Қазақтың айтқыр Қалтай Орекен жайында:

– Бұл Орекен – қазақ сатирасының жарық жұлдызы. Әзіл-оспақ арқылы қоғамдағы сырқатты сылып тастайтын бейне бір санитар. Әрбір әзілі теңдесі жоқ шындыққа барар жол еді-ау?! – деген.

– Уа, Қалтай, қазіргі қызметің «Ара» журналының редакторы екеніңді естіп жатырмын. Қызметің ауыр ма, дегенде:

– Ой, Ореке-ай, несін сұрайсың. Жаланаң құйрықты кірпішеңнің үстіне отырағандай қызмет екен дегенде:

– Ту, бұдан жауабым жоқ! – деп Орекен Қалтайды құшағынан жібермей тұрғаны бар. Түбінде менен кейінгі айтқыр сен боларсың! – деп бата берген-ді.

Бұл Орекен – атақты Ұлбикемен айтысатын Күдеріқожаның ұрпағы. Әкесі Пірімбет Нұрхабаев қазіргі «Шіркейлі» ауылында өмір сүрген дикан әрі әзілдің майын тамызға айтатын кісі болыпты дейді көзқорғандар. Жиен, балдыздарымен сөз қағыстырып, талайын сазға отырғызған деген әңгіме көп. Тілінің ашылығына төтеп бере алмаған бірер қайылыр Пірімбетті жер қазып, кеңірдегіне дейін көміп кетіпті, түс ауа терең шұңқырдан шығарар кезде:

– Бұдан да тереңірек қазбадыңдар ма! – деп шұңқырдан шыға Пірімбет ашы тілін одан әрі безей берді деген әңгіме әлі күнге ел аузында жиі айтылады.

Сонау Хрушевтің дәуірі – ұзын-сонар баяндамадан көз сүрінетін кез. Газет күн сайын 9 беттен таң ата шығатын-ды. Редактор Ұ.Бағаев Орман ағаны іздеді. Орман аға үйінде көрінеді. Кезекші болу керек. Дерев Дарханды үйіне шақыруға жіберді.

– Жүріңіз, Ореке. Бүгін кезекші боласыз. Бағаев шақырып жатыр.

– Ә, онда бір бөтелке әкел дүкеннен!

Дархан бір бөтелке әкелді. Орекен екеуі бір бөтелкені сіміріп салды.

– Бағаевқа сәлем айт, Нұрхабаев мас де!

Дархан не дерін білмей Бағаевқа болған жайды айтса керек. Бағаев үн-түнсіз.

– Ой, Ореке-ай! – дей беріпті.

Орман аға жайында ел арасында тараған әңгіме көп.

Бірде обком хатшысы Х.Бектұрғанов:

– Жолдас Нұрхабаев! Сізді зейнетке шығарғалы тұрмыз. Қалай қарайсыз? – депті.

– Хасан Шахметович, ерте туғаным ренжіп отырмын. Әлі де бір жыл істей тұрайыншы?

– Жарайды, бір жыл істей тұрыңыз! Содан бір жыл өткенде обком хатшысы Орекен:

– Уаде бойынша бір жыл өтті. Енді не дегісіз?

– Ту, Хасан Шахметович-ай, мен бір жыл емес, бірер жыл деп едім ғой, – дегенде сөзге тоқтаған обком хатшысы:

– Жарайды, тағы бір жыл істей тұрыңыз! – дегені есте бар.

Айтқыр Орекенді соғыс ардагері Еламан Жүнісбаев, Мәдемхан Жәнібеков, Әбибулла, Қалтай Мұхамеджанов, Жұмабай Бәкішев, Жақсылық Бекхожаев сынды азаматтар отырған жерде ортаға алып, сөзін тыңдағанша асығатын еді.

Бірде қайыны Жақсылық Бекхожаевты үйіне арнайы шақырып, әйелін басқа жакка жіберіп, сусынға нан турап бергені ұзақ әңгіме.

Үлкен жүректі ғалым Қазыбай Құдайбергенов өзінің «Орта менің – ой-парасат ордасы» атты кітабында Орман Нұрхабаевқа арнаған өлеңінде ағаға деген шынайы ілтипатын былайша білдіргені бар:

– Тұнған күлкі, өзі де әлі күледі, Жаспенен де жас балаша жүреді. Секенге де келіп қалды ағаңыз, Енді сонша бұл өмірді сүреді.

Біреулер жылпостықпен жүрсе байып, Кейбіреу деп жатады несі айып? Тапқыр сөзбен байып жүр осы кезде, Құрметті аға – Орекен Нұрхабаев. Сенбесеңіз сөз берсем ол кісіге, Өлеңді де сұрамас қолын жайып. Айтқыр Қалтайдың інісі Ибрагим Мұхамеджанов Орекенмен нағашылық жиенді еді. Жиі қалжыңдасып, бір-бірі сүріндіруге құмар болатын. Ал Ибрагим «Орман Нұрхабаев» атты бір өлеңінде:

– Ұлы Мұхтар Әуезов, Қыз алыспас бауырың, Сен – Акмешіт, ол – Семей, Белек өскен ауылың. Жер жүзіне паш етті, Исі қазақ қауымын, Құра білді сауығын. Ғылым, өнермен байытты, Қазақтың жана дәуірін. Мұхтармен тектес асылдың – Өзіңсің бірі тәуірім. Менімен тектес нәсілің, Түбің бірге бауырым!

Қарымды журналист, кезінде Сыр елінің айтқыр Орманы атанған, ардагер есімі өшпес мұраға айналды.

Қаланың «Сәулет» шағын ауданындағы үлкен даңғыл Орман Нұрхабаев есімімен аталады. «Сыр бойы» газетінің 85 жылдығына арналған «Сырдың сырлы шежіресі» атты кітапта Орман аға суретімен тұр.

Өсер елдің өнерсүйер қауымы тұрғанда ағалар есімі ұмытылмақ емес. Қаламгердің ұрпақтары Қызылорда қаласында «Шіркейлі» ауылында, Алматыда өмір сүріп жатыр. Ағаның көзін көрген біздерге естеліқ жазудың бұйырғаны шүкіршілік емес пе?!

Қайырбек МЫРЗАХМЕТҰЛЫ,
Қазақтың Құрметті журналисі

/// ДЕНСАУЛЫҚ

ҚАЛАЛЫҚ АУРУХАНАНЫҢ ҚАЛТҚЫСЫЗ ҚЫЗМЕТІ



Қызылордадағы қалалық көпсалалы аурухананы білмейтін жан жоқ. 1977 жылы қолдануға берілген емдеу орны жарты ғасырға жуық тұрғындар саулығын сақтауға қызмет көрсетіп келеді. Осы жылдар ішінде елде болған өзгерістерге байланысты медициналық мекеме де сан түрлі жағдайларға бейімделді.

Мәселен, 1997 жылы денсаулық сақтау саласының реформалануына және сапа құрылымының өзгеруіне байланысты қалалық аурухана «Денсаулық» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі болып жекешелендірілді. Сол жылдары төсек санын қысқарту басталып, 2008 жылы 95-ке дейін, ал аурухана қызметкерлерінің саны 444-тен 162-ге дейін азайды. 2000-2007 жылдар аралығында ғимараттар мен бөлімдер тұрғын үйге, кәсіпкерлік нысандарға сатылып, тек негізгі ғимарат пен асхана бөлімі қалды. 2008 жылы облыс әкімінің шешімімен аурухана мемлекет меншігіне алынып Қызылорда қалалық ауруханасы болып, 160 төсек-орынмен қайта құрылды.

2009 жылы «Жол картасы» бағдарламасы бойынша қаржы бөлініп, күрделі жөндеуден өтті. 2011 жылдан бастап «Қызылорда қалалық ауруханасы» ШЖҚ МКК, 2020 жылдан бері «Көпбейінді қалалық ауруханасы» болып аталады.

Медициналық мекеме жоғары дәрежелі дәрігерлермен, орта буын мамандармен қамтылған. Материалдық-техникалық базасы жаңартылып, құрал-жабдықтармен жарақатталған.

Қазіргі кезде халыққа стационарлық және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетіп келеді. Сонымен бірге науқастар күндізгі және ақпалы бөлімде сапалы ем алады.

Дәрігерлердің білімін жетілдіріп, біліктілігін көтеруде жүйелі жұмыс бар.

Мамандарымызды қажеттілігіне байланысты жыл сайын оқытудамыз. Ол – біздің ең маңызды міндетіміз және қазіргі заманның талабы. Мәселен, Қазан қаласында үш, Краснодар қаласында төрт күн облыс пен қала халқына шұғыл медициналық көмек көрсетеді. Кезекші дәрігерлердің құрамы күшейтіліп, жедел медициналық көмек көрсету қызметі жолға қойылған.

Ауруханада барлық сала бойынша, атап айтсақ, терапия, неврология мен нейроинсульттік, хирургия, травматология, нейрохирургия, гинекология бөлімдері бар. Оларда мамандандырылған және жоғары мамандандырылған медициналық көмек көрсетіледі. Зертханалық, диагностикалық,

кардиолог Зәуреш Бисенова, 2004 жылдан бері еңбек етіп жүрген пульмонолог Іңкәр Сейтмамбетова, білікті анестезиолог-реаниматолог Ғани Жұмағұловтың есімі қызылордалықтарға жақсы таныс.

Дәрігерлердің білімін жетілдіріп, біліктілігін көтеруде жүйелі жұмыс бар. Мамандарымызды қажеттілігіне байланысты жыл сайын оқытудамыз. Ол – біздің ең маңызды міндетіміз және қазіргі заманның талабы. Мәселен, Қазан қаласында үш, Краснодар қала-

рентгенологиялық, эндоскопиялық, компьютерлі-томографиялық, УЗИ диагностикалық тексерулер жүргізіледі.

Мықты материалдық-техникалық база – мол мүмкіндік

Аурухана қазіргі уақыттың талабына сай толық жабдықталған. Материалдық-техникалық базаның жабдықталу көрсеткіші – 91,1%. КТ, УЗИ аппараттары, бірнеше хирургиялық эндовидеоқұрылғы, қан қысымын тәулік бойы қадағалайтын құралдар, физиология және реабилитациялық ем жүргізетін аппараттар бар. Осындай заманауи құрал-жабдықтармен қамтылу нәтижесінде аурухана ап-

патуриясы бар науқастарға эндовидеохирургиялық отаның барлық түрі, урология саласы бойынша эндовидеохирургиялық уретроскоп арқылы оталар жасалауда. Гинекология және травматология саласы бойынша да түрлі күрделі оталар жасалады. Облыс бойынша ревматология бөлімі осы ауруханада ғана бар.

Хирургиялық патологиясы бар науқастарға эндоскопиялық, компьютерлі-томографиялық, УЗИ диагностикалық тексерулер жүргізіледі. Хирургиялық патологиясы бар науқастарға эндоскопиялық отаның барлық түрі, урология саласы бойынша эндовидеохирургиялық уретроскоп арқылы оталар жасалауда. Гинекология және травматология саласы бойынша да түрлі күрделі оталар жасалады. Облыс бойынша ревматология бөлімі осы ауруханада ғана бар. Байқағанымыздай, түскен науқастарға қажетті зерттеулердің барлық түрі жүргізіледі. Бұл – емдеу орнының үлкен жетістігі. 2015 жылдан бері нейрохирургиялық оталар жасалауда.

Қазіргі кезде аурухана 230 төсектік тәуліктік стационар, 30 төсектік күндізгі стационар, 24 ақпалы бөлімге арналған төсек-орынмен қала және облыс халқына кардиологиялық, пульмонологиялық, ревматологиялық, эндокринологиялық, гастроэнтерологиялық, гематологиялық, токсикологиялық, алергологиялық, неврологиялық, хирургиялық, урологиялық, гинекологиялық, травматологиялық, нейрохирургиялық, жақ-бет хирургиясы, нейроинсульттік, 2-3 этапты қалпына келтіру бейіндері бойынша медициналық көмек көрсетеді.

Ауруханада бұрын-соңды жасалмаған күрделі оталар қолға алына бастады. Мәселен, биыл шілдеде алғаш рет өт жолына лапароскопиялық жолмен күрделі ота жасалды.

Нақтырақ айтқанда, ауруханаға шілденің 6-сы күні 66 жастағы қала тұрғыны жеткізілді. Ем-шара және тексеріс жүргізу барысында «Өт-тас ауруы. Жедел тасты холецистит. Холедохолитиаз. Механикалық сарғаю. Реактивті панкреатит» диагнозы қойылды. Хирургия бөлімінің меңгерушісі Б.Жұмандықов, ассистенттер, хирургия бөлімінің дәрігерлері Н.Тұяқбаев, Ю.Фотиади, анестезиолог Ғ.Жұмағұловтың қатысуымен «Лапароскопиялық холецистэктомия, холедохотомия, холедохолитэкстракция, холедохты Вишневский бойынша дренаждау, бауыр асты кеністігін дренаждау» отасы жасалды.

Бас дәрігердің айтуынша, алдағы уақытта кардиологиялық бөлімше ашу, бүйрек ауруларын емдеуге жаңа құрылғылар алу, аурухана базасынан ревматологиялық орталық ашу жоспары бар.

Жалпы көпбейінді қалалық аурухананың бүгінгі тыныс-тіршілігі осындай. Қызылордалықтар саулығын сақтап, тұрғындарға өмір сыйлауда бірлігі мен ынтымағы жарасқан ұжымның тынымсыз еңбегі әрі қарай да жалғаса бермек.

Айнұр БАТТАЛОВА,
«Сыр бойы»

Қадырмен қадірлі

Істің тетігі қай кезде де білікті де білімді кадрға байланысты екені белгілі. Қалалық аурухана ертеден мықты мамандарымен мақтаулы. Бүгінде ауруханада жоғары және I, II санатты 50 дәрігер мен 134 медбике жұмыс істейді. Нақтырақ айтқанда, дәрігерлердің 56,3 пайызының, медбикелердің 51,2 пайызының санаты бар. Қалғандары – сертификаты бар жас мамандар. Жоғарыда айтып өткеніміздей, мұнда көпжылдық жұмыс өтілі бар, білікті дәрігерлер жеткілікті. Олар аурухана абыройын асырып жүрсе,

кардиолог Зәуреш Бисенова, 2004 жылдан бері еңбек етіп жүрген пульмонолог Іңкәр Сейтмамбетова, білікті анестезиолог-реаниматолог Ғани Жұмағұловтың есімі қызылордалықтарға жақсы таныс. Дәрігерлердің білімін жетілдіріп, біліктілігін көтеруде жүйелі жұмыс бар. Мамандарымызды қажеттілігіне байланысты жыл сайын оқытудамыз. Ол – біздің ең маңызды міндетіміз және қазіргі заманның талабы. Мәселен, Қазан қаласында үш, Краснодар қала-

Хабарландыру

«ДСК Құрылыс компаниясы» ЖШС (БСН 070140011863) мекеме үлескерлерінің жалпы жиналысы өтетіндігі туралы хабарлайды. Жиналыс 2024 жылдың қараша айының әр дүйсенбісі күні сағат 10:00-ге белгіленген. Түпкілікті жиналыс 25.11.2024 жылы сағат 10:00-де өтеді. Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Қуантқан Махамбетов көшесі, 55 үй, пошта индексі 120001, телефон +7 777 226 05 26.

Хабарландыру

Құрметті тұтынушылар, «Энергосервис» ЕЖШС мекемесі Сіздерді «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне жүйелі өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заңына сәйкес энергиямен жабдықтаушы ұйымдар 2025 жылының 1 қаңтарына дейінгі мерзімде «Электр энергетикасы туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабының 13-тармағында айқындалған энергия беруші ұйымдарға тұтынушыларды өткізуді қамтамасыз етуге тиіс. Осыған орай 01.01.2025 жылдан бастап электр энергиямен жабдықтау функциясы тікелей энергия беруші ұйымы «Қызылорда электр тараушы компаниясына» Акционерлік қоғамына өткізілетінін хабарлаймыз.

«ДЕМАЛЫС» ІС-ШАРАСЫ

Қызылорда қаласы аумағында қазанның 31-і мен қараша айының 3-і аралығында «Демалыс» жедел-профилактикалық іс-шарасы өтуде.

Іс-шараның мақсаты – көмелетке толмағандардың жыныстық тиіспелілік сипатындағы зорлық-зомбылық қылмыстары, олар жасаған қылмыстар, көмелетке толмағандардың жүріс-тұрыстарына бақылау жасау, түнгі уақытта заңды өкілдеріңсіз, ойын-сауық орталықтарында, тұрғын үй-жайлардан тыс жерлерде жүріп алкогольдік ішімдіктерді пайдаланатындарды, құқықбұзушылыққа негіз балаларды анықтау.

А.ЕРНАЗАРОВА,
Қызылорда КІП ЖІҚБ ЮІП
учаскелік полиция инспекторы

ӨНЕР



ТӨГІЛІП ТҮСКЕН ӨРНЕКТЕР

Олар сахна төрінде мың бұрала билеп, көрерменнің ыстық ықыласына бөленіп келеді. Әуен ырғағы мен бишілердің әсем қимылы үйлесім тапқаны соншалық, көрерменнің көз алдында алуан түске еніп, сахна сәнін келтіреді. Бір шеңбердің бойында дөңгелене айналған бишілердің әр қимылының өзінен өрнектер төгіліп түседі. Үкілі тақия, бұрмелі көйлек киген бүлдіршіндердің қимыл-қозғалысы жеңіл. Құдды бір ауада қалықтап жүр ме дерсің.

Иә, бұл – Сырдария ауданы «Бесарық» ауылдық мәдениет үйі жанынан құрылған «Сұлу-ай» шығармашылық өнер орталығының «Гүлсара» би ансамблі. Орталықтың құрамына кіретін үйірменің шәкірттері үлкенді-кішілі байқауларда топ жарып жүр. Жақында ғана Ташкент қаласында өткен халықаралық би байқауында бас жүлде иеленді. Бүгінде жас та болса, талантты, кәсіби шеберлігі мол ұстаз Шапағат Жарқынбек үш топқа дәріс береді, 50-ден астам өрен кіші, орта, үлкен топқа бөлінген.

– 2021 жылы «Сұлу-ай» өнер орталығы ашылып, түрлі үйірмелер жұмыс жасай бастады. Ал «Гүлсара» би тобы өткен жылы құрылып, бір жарым жыл ішінде жетістіктерге жетті. Мұның барлығы талмай еңбек еткенімиздің нәтижесі деп білемін. Биші қыздардың алар асуы әлі алда. Балалар өнерге жақын екенін алғаш келген сәттен байқатты. Күнделікті сан ұлттың биін балаларға үйрету үшін барымды саламын, – деді «Гүлсара» би тобының жетекшісі.

Би – өнердің бездасасы. Олай дейтініміз, ой орамы қимыл-қозғалыс арқылы көрерменге жетеді. Бір оқиғаны көпшіліктің жүрегіне жеткізу оңай дүние емес. Бұл жағынан алғанда «Гүлсара» би тобының өнерлі қыздары өз көрермендерін жинап, олардың ыстық ықыласына бөленіп келеді.

– Бір жарым жылдың ішінде би тобы IX республикалық Q-art fest өнер байқауында бас жүлде, I республикалық «Қайнар бұлақ» би фестиваль-байқауында 3-орын, облыс-

тық «Бозторғай» балалар шығармашылығы конкурсында 3-орын, «Bi style» халықаралық би байқауында бас жүлде, Қызылордада өткен «Dance battle» байқауында 3-орынды иеленіп, Ташкент қаласында өтетін би байқауына жолдама алды. Аталған байқауға қатысып, «Гүлсара» кіші би тобы бас жүлде, ал орта би тобы I-орын иеленді. Халықаралық би күніне орай «Сырлы сезім толқыны» атты аудандық бишілер фестивалінде аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды, – деді топ жетекшісі.

Бишілері Ташкент қаласындағы байқауда топ жарғанда, қуанышын жасыра алмай, тіпті эмоцияға ерік бергенін айтты. – Қыздарым «Үкілі арулар» атты қазақ биін нақышына келтіре билеп, көрермендерді тамсандырды. Тал шыбықтай бұралған қыздардың би үстіндегі әрбір қимылынан қазақ қызының әдеп-ибасы, нәзіктігі, бүтін болмысы байқалды. Тіпті әділқазылар алқасы таңданып, жүрекжарды лебізін жеткізді. Байқау нәтижесін жариялаған сәтте қуанғанымнан эмоциямды жасыра алмай, жылап та алдым. Бізге үміт артқан қаншама жанның сенімі ақталғанда бойымды қуаныш биледі. Бұл тек басы, алдағы уақытта талай шындрды бағындырамыз, – деді ол.

Сахнада мың бұралған билерімен көрген көзді сүйсінтіп, еріксіз шапалақ соқтырған би тобының жетістігі мұнымен тоқтамайды. Әлі талай асуларды алатынына сенім мол.

Аружан ЕРАЛЫ,
«Сыр бойы»

РЕДАКЦИЯ ПОШТАСЫНАН

БІР МАМАНДЫҚТЫ ТАҢДАҒАН ЕГІЗ ҚЫЗ

Ұстаз дегенде әр адамның ойына алғаш әріпті танытып, қолына қалам ұстатқан мұғалімі, жанына жақын жанашыр апайы түседі. Мектеп бітіріп, үлкен өмірге қадам басып, оңы мен солын танып, өзі балалы-шағалы болған соң, кейінгі басқосу кештерінде ұстаздарын көргенде балалық шағын еске алып, бір марқайып, маз болып, қауқылдасып қалатыны да шындық.

Қармақшы ауданының білім саласында қызмет етіп жүрген егіз ұстаз Айгүл мен Нұргүл Ұласарқызының еңбегі көпшілікке үлгі, жас буынға өнеге боларлықтай.

Қазалы ауданы «Ақсуат» ауылында дүниеге келген Айгүл мен Нұргүл кішкентайынан еңбеккер болып өскен. Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетіне оқуға түсіп, Нұргүл бастауыш сынып, Айгүл ағылшын тілі мұғалімі мамандығын алып шыққан. Кішкентайынан әже тәрбиесін көріп, үлкенді сыйлап, туған елдің тарихын танып, дәстүрін сақтауға талпынып өскен олардың ұстаздық жолды таңдауына қырық жыл ауылдық емханада медбике болған марқұм анасы Дина Бертілеуқызының жол сілтеуі және алғашқы ұстазы Ағжан Жарма-

нова апайға деген қызығушылық себеп болса керек.

Еңбек жолдарын өздері туып-өскен ауылы «Ақсуаттағы» №100 «Кентүп» мектебінде бастаған оларды өмірдің ағысындағы сан тараулы жолдар Байқоныр өңірінде түйістірді.

Нұргүл Ұласарқызы – қазір Байқоныр қаласындағы №277 мектеп-лицейінің педагог-зерттеуші санатты бастауыш сынып мұғалімі. Ол – бала жанын түсінетін үлгілі ұстаз. Білімді шәкірт тәрбиелеген жетістіктерін ұжымы мақтан етеді.

Ол «Үздік бастауыш сынып мұғалімі» дипломымен, «Қазақстан ұстазы» төсбелгісімен, «ПЮНИ» халықаралық байқауының дипломымен, «Үздік авторы» тақырыбында өткізілген шеберлік сыныбына қатысып,



үздік жұмыс көрсеткені үшін Алғыс хатпен марапатталды.

Жаналыққа жаны құмар, «өзін үйрене жүріп, өзгені үйрет» деген ұстанымы бар кейіпкеріміздің алдағы уақытта әлі де талай табыстарға жете беретіні күмән туғызбайды. Ізденімпаздығының арқасында жас ұрпақты өнегелі етіп тәрбиелеуде, шәкірттерінің биік белестерді бағындыруына жол ашып жүрген үлгілі ұстаз отбасында жолдасы Бақберген екеуі Бекнұр, Бексұлтан, Бекмұхамед атты үш ұлдың ата-анасы атанған, көпке үлгілі отбасылардың қатарында.

Нұргүлдің сынары Айгүл – Ақай ауылындағы №99 орта мектепте ағылшын тілі пәнінің мұғалімі, педагог-сарапшы, жолдасы Ақан Қожақов екеуі 5 баланың ата-анасы. Жанел, Әсел, Жанқожа – №99 мектептің үздіктері атанса, Шахназ бен Шахмардан балабақшаға барды. Үлкені Жанел анасының жо-

лын қуып, ағылшын тілін таңдап отыр.

Өз мамандығын сүйген ұстаздың жетістіктері де жетерлік.


«Жас келсе – іске» дегенді, аз ғана уақытта жас маман тәжірибелі ұстаздарынан мамандықтың қыр-сырын үйреніп, оған өз талпынысын қосып, ұжым ортасында беделі артты.

Әбу Насыр әл-Фараби: «Ұстаз – жаратылысынан өзіне айтылғанның бәрін жете түсінген, ешнәрсені ұмытпайтын алғыр да аңғарымпаз ақыл иесі» деп баға берген. Сонымен бірге ұқыптылық, жауапкершілік, адалдық, тілтікшілік қасиеттерді бойына жинақтаған жан-дардың мәртебесі қашанда биік болмақ. Еңбеккер, тәлім-тәрбиесін шәкіртінен аямай, білім нәрін сепкен егіз ұстаз бұл күнде үлкен-кішіге үлгі.

Қымбатгүл
МОЛЫБЕКҚЫЗЫ,
Байқоныр қаласы

ЖАН АЗЫҒЫ

МЕН ОҚЫҒАН КІТАП



Фотос: Азамат Держабайұлы

Кітап адамның тұлға болып қалыптасуына көмегін тигізеді. Өзіміз оқыған кітаптарыма келетін болсақ, біріншісі – Бердібек Соқпақбаевтің «Өлгендер қайтып келмейді». Мені ол тақырыбымен тартты.

Кітап негізінен үш бөлімнен тұрады: автор әрқайсын дәптерге бөлген. Әр дәптер өз ішінде шағын-шағын көріністерге бөлінген. Романда кейіпкер саны көп емес. Ауылдың мамыражай мезгілі мен адамдардың тіршілігін баяндайды, соның ішінде бір адамның тағдыры арқылы өмір шындығын танытуды мақсат етеді. Басты кейіпкер – Еркін Мамырбаев. Онымен ең алғашқы дәптерде, бозбала бір бойжеткенге ғашық болып жүрген 15-16 жасында танысамыз да, үшінші дәптерінде сүйгеніне қосыла алмай, жапан далада еш шарасыз тастап кетеді. Осылайша отызға шыққан кезінде қостасамыз.

Бердібек Соқпақбаев өз сөзінде «өлетін тек адам ба? Іске аспаған арман, қол жетпеген мақсат, бір нәрседен түңілген, талақ ету, үзілген үміт... Осының бәрі өлген емей немене?» дейді.

Шыңғыс Айтматовтың «Ақ кемесі» – ертегідей әсем табиғат пен бала қиялынан шыққан трагедиялық шығарма. Баланың қиялы мен жалғыздығы бейжай қалдыра қоймайды. Жазушы «өзімен бірге ойнайтын достары жоқ бала осындай табиғаттың ортасында өзімен-өзі

болып жүре беретін» дейді. Үлкен төмпешік үстінде ешкімге мән бермей-ақ кеме мен өзінің анасының жылы құшағын, бетінен суюін армандаған баланың ең алғашқы ертегісі осы болатын.

Екінші ертегіні өзінің атасы айтып берген. Баланың жалғыз сенер асуы – осы атысы. Бірақ ең өкініштісі, қатты қынжылтатыны – баланың қиялынан туған екі ертегінің де ешқайсысының орындалмайтыны. Кітап соңы өте аянышты, мұңды аяқталады. Сәби жүрегіне соншама жыл қадалған кара дақ «кешір» деген сөзден жазылуы да мүмкін емес. Адамдар арасында әділдік пен мейірімділік іздеген баланың кітап соңындағы, аянышты оқиғадан кейін әрбір оқырманның көкейінде «соңы неге мұншалықты аянышты?» деген сұрақ қала бермек. «Кітаптың тірі организм сияқты жаны бар деп ойлаймын. Себебі оларды ақыл мен жүрек иелері жазды. Кітап дегеніміз – сыртық әсемделген дизайн ғана емес, ойландыруға шақыратын әріпттер, сөздер, сөйлемдер, идеялар әлемі». Сол үшін де кітап оқуға кеңес беремін, кітапты өзге үшін емес, өзіміз үшін оқуымыз тиіс. Білім көкжиегін дамытып отырайық.

Арайлым ЖАЛҒАС,
М.Мәметова атындағы педагогикалық жоғарғы колледжінің студенті

«ОРТАҚШЫЛДЫҢ» ОРТАҚ КӘСІБІ



Шиелі ауданында «Ортақшыл» деген ауыл бар. Ерекшелігі тары дақылын егеді. «Тары түйген ауыл» атанған. Мұндағы шаруалардың кәсібі осы. Тары өсірумен айналысатындардың бірі – Алмасбек Құрманбекұлы. Ол жары Гауһар Оспанова екеуі бірігіп, отбасылық кәсіпті дөңгелентіп отыр.

Ерлі-зайыптылар әлеуметтік желіде де белсенді. Тарыны егіп, жинап алғаннан кейін қалай дайындалатынын желіге жүктейді. Сапалы жасалған өнімді көрген тұтынушылар жер-жерден тапсырыс береді. Жергілікті тауар өндірушілердің жәрмеңкесіне де қаты-

сып, арзан бағада халыққа ұсынуда.

– Бала кезімнен әке-шешемнің осы кәсібін көріп, қолғабыс етіп өстік. Есейгенде мен де шаруашылықпен айналыса бастадым. Тары егіп, тәжірибе жинадым. Отбасын құрғаннан кейін жолдасым екеуміз жалғастырдық. Жыл сайын 2-3 гектар жерге тары егемін. Мамыр айында басталған қызу тіршілік 90 күннен кейін жемісін береді. Тары егу де оңай шаруа емес. Жаз бойы егін басында боламыз. Уақытылы суарып, құстан қорғап, қырманға бастырылғанша қадағалаймыз. Біздің сорт – жергілікті өнім. Сондықтан өнім мол болады. Суы қанық, жері тың болғандықтан

гектарына 80-90 қап аламыз. Осылайша адал еңбегіміздің жемісін көріп келеміз. Тары сөгі мен талқаны адамға күш-қуат береді. Денсаулыққа пайдасы зор. Қан қысымын реттеп, асқазан жұмысын жақсартады, бауырға да пайдалы, – дейді Алмасбек Құрманбекұлы.

Алмасбек тарыны қырманға жинап, кептіреді. Сабағынан бөліп, үгітеді. Қаптап, үйіне әкеледі. Одан әрі тіршілікті Гауһар екеуі жүргізеді. Қайнап тұрған суға салып, 40 минут ұстайды. Одан кейін қуырып, түйеді. Дайын өнімді саудаға шығарады. Бұдан бөлек тарыдан талқан жасайды. Қалдығынан мал азығын алады. – Біз тарыны қолдап орамыз.

Техникамен орауға болмайды. Себебі, қауызынан төгілуге дайын тұрады. Қысқасы, піскеннен бастап, дастарқанға жеткенге дейінгі жұмысты тек қол еңбегімен атқарамыз. Содан да болар дәмі ерекше. Тапсырыс көп, кейде үлгермей қаламыз. Неше жылдан бері келе жатқан тұрақты тұтынушылар да бар. Бағасы да қалтаға қонымды. Тары сөгі мен талқан 1300 теңгеден, – дейді ол.

Шағын кәсібін берекелі етіп отырған азаматтың ендігі жерде, мемлекеттік бағдарламалардың игілігін көрсен деген ниеті бар.

Сара АДАЙБАЕВА,
«Сыр бойы»

www.facebook.com/syrbойы_kz/



жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР

Марат АРАЛБАЕВ

қабылдау бөлмесі тел/факс: 8/7242/ 70-00-36, 40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР

Қуат ШАРАБИДИНОВ

қабылдау бөлмесі – тел: 8/7242/ 40-02-17, 40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:

руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)

экономика – 40-11-10 (1038, 1033)

әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)

жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)

есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38

компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10

(1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) «Сапа менеджменті жүйелері» талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген. Тіркеу куәлігі №12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68. Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.